

БОЛАШАҚ МЕМЛЕКЕТТІҢ ТІРЕГІ - ЖАСТАР

Жастар Қазақстан халқының жартысынан астамын құрайды және қоғамның белсенді бұл тобы ел болашағында шешуші роль атқарады. Жастар – еліміздің болашағы, ертеңі. Сондықтан жас ұрпақтың рухани толысуына қажетті озық игіліктерге жол ашу күн тәртібінен түспейтін өзекті мәселеге жатады.

Ата-бабаларымыз ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздігіміз – біздің басты байлығымыз! Қасиетті де киелі қазақ жерін, қазақ болмысын сақтап қалу – бүгінгі үлкен мәселенің бірі. Жаһандану дәуірінің өзіндік жақсылығы мен қиындығы қатар жүруде. Ұстаздарымыз үлкен сын сағатында тұр. Әрине, қай кезде де жастар орны оңай мәселе болмаған. Жастарға жол көрсететін қоғам үлкен біліктілікті, тәжірибелі, жан-жақтылықты талап етеді. Ұстаз ең бірінші өзі үлгі бола алатындай тұлға болуы керек. Ұстаздың бойындағы ақыл-парасат, терең білім, кәсіби біліктілік, сабырлылық, ұлтжандылық, ізденімпаздылық, өз кәсібін адалдық, ең бастысы, баланы сүйетін үлкен жүрек иесі болу – педагог жетістігінің басты шарттары деп түсінеміз.

ҚР Президенті Қ.Ж.Тоқаев биылғы халыққа ұсынған Жолдауында жастар



мәселесіне баса назар аударған. Ұлттық код негіздерін басшылыққа ала отырып, оны жастар ортасы жұмыстарына кеңінен қолдану – ұлт болмысын сақтап қалудың негізгі діңгегі болмақ. Ұстаздар үшін тәрбие көзі бола алатын тарих та, асыл сөз де, асқақ рух иелері болған, жастарға үлгі бола алатын дана да батыр бабаларымыз жетерлік. Тек осы рухани байлығымызды алтындай жарқыратып жастарға көрсете білсек, болашағымыз да оны көре біледі, қызығады және қабылдайды. Ұлттық рухта тәрбиеленген буын – сол ұлттың болашағы бола алады.

XXI ғасыр адамы – адами қасиеті қалыптасқан, ұлтжанды, жаңа инновациялық техно-

логияларды меңгерген, терең білімді, жаңалыққа құмар, бәсекеге қабілетті, салауатты өмір сүре алатын, шығармашыл тұлға болуы керек. Аталған міндеттерді М.Әуезов атындағы ОҚУ профессор-оқытушы құрамы үлкен жауапкершілікпен орындайды. Оған дәлел болатын ғылыми-зерттеу жұмыстары мен арнайы жобалардың орындалуы, жаңа оқу бағдарламаларының енуі, дуальді білім мен екі дипломдық ереже, академиялық ұтқырлық байланыс және сол нәтижелер университеттің халықаралық дәрежесін жоғары көтереді.

Н. ТАЖМУХАНОВА,
М. Әуезов атындағы ОҚУ
доценті,
Б. ИЗЕНБАЕВ,
PhD докторы.